



ӨНІМ НҰСҚАУЛЫҒЫ МЕН ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

RT-5100-05 Lithotomy AirShuttle™

 EC REP Advena Limited Tower Business Centre, 2nd Flr Tower Street, Swatara, BKR 4013 Malta	UK Responsible Person QServe Group UK, Ltd. 49 Greek Street Soho, London W1D 4EG United Kingdom
 АҚШ-та жасаған өндіруші Qfix 440 Church Rd, Avondale, Pennsylvania, USA +1 484-720-6053 www.Qfix.com	CH REP Raditec Medical AG Schlossberg 5a 5454 Bellikon Switzerland

2007804_KK_B / 2024-02

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

⚠ ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

! ЕСКЕРТУ ! Бұл жабдықта ешқандай өзгеріс енгізуге болмайды. Егер осы құрылғының қандай да бір бөлігіне апаттық жағдайға себеп болатын жүк түссе, ол зақымдалса немесе дұрыс жұмыс істеп тұрмаса, оны әрі қарай пайдаланбай, +1 484-720-6053 нөмірі немесе techsupport@qfix.com мекенжайы бойынша Qfix компаниясына хабарласыңыз.

ЕЛЕУЛІ ОҚЫС Оқиғалар

Елеулі оқыс оқиғалар (мысалы, өлімге немесе ауыр жарақаттарға өкпе соқтыратын немесе өкелуі мүмкін оқиғалар) туралы Qfix компаниясына да, еліңіздің құзыретті органына да хабарлаңыз.

⚠ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Lithotomy AirShuttle құрылғысы екі адам басқаратындай етіп жасалған.

! ЕСКЕРТУ ! Шығыңқы инелері немесе аппликаторлары бар емделушілерді реттеу және тасымалдау кезінде аса сақ болыңыз.

! ЕСКЕРТУ ! Күтпеген соққыларды болдырмау үшін тасымалдау кезінде аса сақ болыңыз.

! ЕСКЕРТУ ! Емделуші орналастыру қалпында болғанда оны AirDrive Trolley арбасымен тасымалдамаңыз.

! ЕСКЕРТУ ! 01.01.24 ж дейін шығарылған Lithotomy AirShuttle құрылғысының максимум қауіпсіз жұмыс жүктемесі – 159 кг (350 фунт).

! ЕСКЕРТУ ! Lithotomy AirShuttle максимум қауіпсіз жұмыс жүктемесі (емделуші салмағы мен аксессуарлар) – 204 кг (450 фунт). Бұған Lithotomy AirShuttle салмағы (А аяқ қондырмасымен конфигурацияланған кездегі 37 кг (82 фунт)) кірмейді. Қабылдау жүйелері мен AirDrive Trolley (P/N 2005112) арбасының максимум қауіпсіз жұмыс жүктемелерін олардың Пайдалану нұсқаулықтарынан қараңыз.

! ЕСКЕРТУ ! Емделуші немесе дәрігер жарақаттанып қалмау үшін Lithotomy AirShuttle құрылғысын абайлап жылжытыңыз. Ұстап қалу аймақтарын және Lithotomy AirShuttle құрылғысымен байланысты басқа да қауіптерді азайтуға аса көңіл бөлінді. Дегенмен ықтимал ұстап қалу аймақтары әлі де бар, соның ішінде (бірақ бұлармен ғана шектелмейді):

- Орнатылған аксессуарлар мен қосалқы рельс арасында
- Аяқ қондырмасы мен қосалқы рельс арасында
- Lithotomy AirShuttle және AirDrive Trolley арбасы немесе қабылдау жүйесі, мысалы, KT, MP, Linac және т.б. арасында.

! ЕСКЕРТУ ! Аяқ қондырмасының үстіне тұрған немесе отырған жағдайда, аяқ қондырмасы зақымдалуы немесе адам жарақат алуы мүмкін.

! ЕСКЕРТУ ! Қолданар алдында барлық аксессуардың, соның ішінде тасымалдау тұтқаларының AirShuttle™ жүйесіне бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

- Қосалқы рельстердің жалпы максимум жүктемесі – 45 кг (100 фунт).
- Әр рельстің максимум жүктемесі – 23 кг (50 фунт).

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ! Тасымалдау/жылжыту кезінде шлангілерден/монитор желілерінен ұстап тартпаңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! AirBearing ауасы шығарылған күйі AirShuttle құрылғысын қайта жайғастыруға әрекеттенбеңіз, себебі мұндай жағдайда AirBearing зақымдалуы мүмкін.

! ЕСКЕРТПЕ ! Тасымалдамас бұрын, AirShuttle құрылғысын қолайлы зембілге, гарниге немесе жеткілікті максимум жүктемені қамтамасыз ететін басқа дөңгелекті емделуші тірегіне жақсылап орналастырыңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Хирургиялық процедуралар кезінде тасымалдау құрылғысынан емделушінің және емделушіден тасымалдау құрылғысының ластануын шектеу үшін стерильді перделерді пайдаланыңыз.

ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАҒДАЙЛАРЫ

Жұмыс кезінде

- Температура: 10 °C–40 °C (50 °F–104 °F)
- Ылғалдылық: 10%–90% (конденсациясыз)
- Атмосфералық: 700–1060 гПа

Сақтау

- Температура: 0 °C–50 °C (32 °F–122 °F)
- Ылғалдылық: 0%–95%
- Атмосфералық: 700–1060 гПа

⚠ МРТ ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бейбликалық сынақтар **Lithotomy AirShuttle** құрылғысы МР ортасымен шартты түрде үйлесімді екенін көрсетті. Бұл құрылғыны төмендегі шарттарға сай келетін МР жүйесімен пайдалануға болады:

- **Lithotomy AirShuttle** мен аяқ қондырмасын статикалық магнит өрісі 3 Тл немесе одан аз МР жүйесінің туннеліне орналастыруға болады.
- МР жүйесінде құрылғымен бірге пайдаланылатын кез келген қондырма (мысалы, басқыштар, қадамдар) осы жүйеде қолдану үшін МР ортасымен шартты түрде үйлесімді жарамды немесе МР ортасында қауіпсіз болуы және өз мақсатына сәйкес пайдаланылуы керек.

Бейбликалық сынақтар **AirDrive Trolley арбасы** МР ортасымен шартты түрде үйлесімді екенін көрсетті. Бұл құрылғыны төмендегі шарттарға сай келетін МР жүйесімен пайдалануға болады:

- 3 Тл немесе одан аз статикалық магнит өрісі.
- МР жүйесінің МРТ үстелі емделушіні тасымалдар алдында бекітілуі немесе орнына орнатылуы керек.
- **AirDrive Trolley арбасы** сканерлеу алдында МРТ-дан 160 мТл (1600 Гс) шегінен шығарылуы керек. Бөлме конфигурациясындағы магнит өрісінің кеңістіктік градиенті белгісіз болса, сканерлеу алдында арбаны МР бөлмесінен шығарыңыз.

Бейбликалық сынақтар **AirShuttle тасымалдау тұтқалары**

МР ортасымен шартты түрде үйлесімді екенін көрсетті. Бұл құрылғыларды төмендегі талаптарға сай келетін МР жүйесімен пайдалануға болады:

- 3 Тл немесе одан аз статикалық магнит өрісі.
- **AirShuttle** құрылғысын МР жүйесінің туннеліне кіргізбес бұрын **Lithotomy AirShuttle** жүйесінен **AirShuttle тасымалдау тұтқаларын** алып тастау керек.

! ЕСКЕРТУ ! Ұсынылған техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ тек Qfix берген аксессуарлар, компоненттер мен қосалқы бөлшектерді пайдалану өнімдердің қауіпсіздігін, өнімділігін және МРТ ортасымен үйлесімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ тиісті көпірдіктерді күшінде сақтау үшін қажет.

! ЕСКЕРТУ ! Мақұлданбаған МР керек-жарақтары пайдаланылса, мына жағдайлар орын алуы мүмкін:

- Емделушінің жарақат алуы
- Емделушінің күйіп қалуы
- Жабдықтың зақымдалуы

Сіздің МР жүйеңіз үшін мақұлданып, сыналған, МР ортасында қауіпсіз және МР ортасымен шартты түрде үйлесімді екені дәлелденген аксессуарларды ғана пайдаланыңыз.

МР жүйеңізде пайдаланбас бұрын, аксессуарлардың МР ортасымен үйлесімділігін қарастырыңыз.

! ЕСКЕРТУ ! Qfix өнімдеріне техникалық және басқа қызмет көрсету ешқашан МР ортасында орындалмауы керек.

ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ

Таңбалардың тізімі мен олардың анықтамаларын Qfix.com сайтынан қараңыз.

	2024 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРҒА ДЕЙІН ШЫҒАРЫЛҒАН ҚҰРЫЛҒЫЛАР ҮШІН МАКСИМУМ ҚАУІПСІЗ ЖҰМЫС ЖҮКТЕМЕСІ
	2024 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДА ЖӨНЕ ОДАН КЕЙІН ШЫҒАРЫЛҒАН ҚҰРЫЛҒЫЛАР ҮШІН МАКСИМУМ ҚАУІПСІЗ ЖҰМЫС ЖҮКТЕМЕСІ
	ЕКІ АДАМҒА АРНАЛҒАН КӨТЕРГІШ
	ҰСТАП ҚАЛУ АЙМАҚТАРЫ Ұстап қалу аймақтары бар болуы мүмкін және осы таңбамен белгіленеді.
	ОТЫРУҒА БОЛМАЙДЫ Бұл аймақта тұрған немесе отырған жағдайда, құрылғы зақымдалуы немесе адам жарақат алуы мүмкін.

ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ

Lithotomy AirShuttle құрылғысы брахитерапиялық процедураларды, әсіресе қуықасты безі терапиясы мен гинекологиялық брахитерапияны жүзеге асыру үшін AirDrive™ жүйесінің бір бөлігі ретінде пайдалануға арналған. Құрылғы брахитерапиядан және оған байланысты визуализация процедураларынан өтіп жатқан емделушілерді көтеруге және тасымалдауға арналған.

! ЕСКЕРТПЕ ! АҚШ федералдық заңына сәйкес, бұл құрылғыны тек дәрігерге немесе оның тапсырысы бойынша сатуға рұқсат етіледі.

Мақсатты емделуші топтары


Рентгенотерапиядан, диагностикалық визуализация процедураларынан немесе емделушіні тасымалдау қамтылатын басқа да процедуралардан өтетін емделушілер.

Мақсатты пайдаланушылар


Осы өнімдердің мақсатты пайдаланушылары – реттеуші аймақ талаптарына сай білікті адам.

LITHOTOMY AIRSHUTTLE ҚҰРЫЛҒЫСЫМЕН ТАНЫСУ


LITHOTOMY AIRSHUTTLE



АУА КІРІСІ





ТАСЫМАЛДАУ ТҰТҚАСЫ





AIRSHUTTLE ҚҰРЫЛҒЫСЫН ҚОЛДАНУҒА ДАЙЫНДАУ

Көтеру тұтқасын дұрыс қолдану







Тасымалдау тұтқасын дұрыс қолдану





Емделушіні жатқызу кезінде дұрыс демеу



ЕМДЕЛУШІНІ ЖАТҚЫЗУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ





Емделушіні дұрыс орналастыру



Кіші денелі емделушіні аяқ қондырмасы бар AirShuttle құрылғысына дұрыс орналастыру

Ірі денелі емделушіні аяқ қондырмасы бар AirShuttle құрылғысына дұрыс орналастыру




AIRSHUTTLE АРҚЫЛЫ ТАСЫМАЛДАУ

P/N 2005112, AirDrive Trolley

! ЕСКЕРТУ ! Ірі денелі емделушілерді жұмсақ төсемдерде тасымалдағанда құрылғы жұмысы нашарлауы мүмкін. Тасымалдау алдында емделушіні тіреу беттерін бағалаңыз және/немесе төсемдерді алып тастау мүмкіндігін қарастырыңыз.

! ЕСКЕРТУ ! Қозғалту бетін қабылдау бетіне мүмкіндігінше жақын орналастырыңыз.


Дұрыс тасымалдау




Қате тасымалдау




Тасымалдау шлангісін орнату



Дұрыс қосылған




Дұрыс қосылмаған





! ЕСКЕРТПЕ ! AirSource іске қосылғаннан кейін тасымалдау алдында AirBearing толық үрленгенін күтіңіз.



Емделушіні тасымалдау





Тасымалдауды бастаудың дұрыс биіктігі



Бүйірлік тасымалдау




Бойлық тасымалдау





Басқыштарды бекіту

Басқыш өндірушісі



Аяқ қондырмасын алып тастау




AIRDRIVE TROLLEY АРБАСЫНА ОРНАТУ

P/N 2005112, AirDrive Trolley

Енгізу үйлесімділігі


Астыңғы жағында апаттық тоқтатқышы бар гентри ұшында литотомия оверлейін қолдануға болады.



Гентри ұшы


05/2020 дейін өндірілген гентри ұшымен үйлесімді ЕМЕС (суреті көрсетілмеген).

Басқару ұшымен үйлесімді ЕМЕС.





Басқару ұшы



Литотомия оверлейін орнату



Бекіту қалпына жайғастыру үшін литотомия оверлейін қолдану



Дұрыс жайғастыру





! ЕСКЕРТУ ! Салмағы 159 кг (350 фунт) шамасынан асатын емделушілерді арба биіктігін реттеу алдында арбадағы тасымалдау қалпына орналастыру қажет.

Перпендикуляр жайғастыру

Кей жағдайларда, мысалы, тар жұмыс кеңістігінде емделуші мен Lithotomy AirShuttle құрылғысын AirDrive Trolley арбасында және басқа бетте қажетінше бұрып, емделушіні перпендикуляр, консоль қалпында орналастыру арқылы AirDrive Trolley арбасында бекіту мақсатында тураалаған жөн.

Дұрыс перпендикуляр жайғастыру





! ЕСКЕРТУ ! AirDrive Trolley арбасының, сондай-ақ оған іргелес беттің тежегіштері қосылғанына көз жеткізіңіз.

! ЕСКЕРТУ ! AirShuttle құрылғысының қос ұшын AirDrive Trolley арбасының сыртқы жиектерінен және іргелес беттен АСЫРМАҢЫЗ.


! ЕСКЕРТУ ! Емделуші перпендикуляр қалыпта болғанда, арбаның биіктігін реттеуге БОЛМАЙДЫ.

ПРОЦЕДУРАДАН КЕЙІНГІ НҰСҚАУЛАР

Аяқ қондырмасын орнату




Басқыштарды алып тастау





Емделушіні тасымалдау

! ЕСКЕРТПЕ ! Тасымалдамас бұрын, тасымалдау құрылғысы тірек бетінің ортасында орналасқанына және оның шетіне тым жақын емес екеніне көз жеткізіңіз.


! ЕСКЕРТПЕ ! Lithotomy AirShuttle құрылғысына тек бір аяқ тіреу жүйесі бекітілгенде тасымалдауға болады.





Емделушіні түсіру



Тасымалдау шлангісін шығару



LITHOTOMY AIRSHUTTLE ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ АСТЫҢҒЫ ЖАҒЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ



ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ЖҮЙЕНІ ТАЗАЛАУ

Құрылғыны жұмсақ, сызат түсірмейтін тазалау немесе зарарсыздандыру ерітіндісімен тазалау керек. Тазалау үшін ерітіндіні таза шүберекке жағып, бетін сүртіңіз. Құрылғыны сыртынан тексеріп, егер ол таза болмаса, алдыңғы тазалау қадамдарын таза болып көрінгенше қайталаңыз. Құрылғыдағы тазалағыш ерітінді қалдығын суға малынған таза шүберекпен сүртіп кетіріңіз. Құрғату үшін құрылғыны таза, құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Төмендегі тазалау материалына сынақ жүргізіліп, ол құрылғыны тазалауға жарамды деп танылды.

- Су
- Сабын мен су

ЖҮЙЕНІ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ

Құрылғының бетін зарарсыздандыру үшін тазалағыш ерітінді өндірушісі ұсынған арнайы нұсқауларды қараңыз.

- 10% Clorox® ағартқыш ерітіндісі
- Изопропил спирті

AirBearing дұрыс жұмыс істеуі үшін, тазалағаннан кейін дақтар қалмағанына көз жеткізіңіз. Қажет болған жағдайда сумен соңғы тазалау қадамын орындаңыз. Келесі қолданар алдында AirBearing құрғағанын күтіңіз.

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ! AirDrive Trolley арбасына, әсіресе арба негізіне немесе AirShuttle құрылғысына сұйықтықтар кірсе, құрылғы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Сұйықтықтарды арбаның ауа айдағышына немесе AirShuttle құрылғысына тікелей бұрқуға немесе AirDrive Trolley арбасына құюға БОЛМАЙДЫ.

АНЫҚТАМАЛАР


REF	ҚҰРЫЛҒЫ	ӨНІМ НҰСҚАУЛЫҒЫ МЕН ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ
RT-5100	AirDrive Trolley	2005112
RT-5100-S	AirDrive Caddie	2008502
RT-5100-01	Slate AirShuttle	2007235
RT-5100-02	Portrait AirShuttle	2007236
RT-5100-04	BoS AirShuttle	2007614
RT-5100-07	Alta AirShuttle	2008315

AirDrive, AirDrive Trolley, AirDrive Caddie, AirShuttle, және Lithotomy AirShuttle – Qfix компаниясының сауда белгілері.

Clorox – The Clorox Company компаниясының тіркелген сауда белгісі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

RT-5100-05




Визуализация жүйесінің 60 см дейінгі
туннель өлшемдерін қамтамасыз ететін
реттелмелі ен

53,3 см, 54,7 см немесе 57,2 см

[21 дюйм, 21,5 дюйм немесе 22,5 дюйм]


129 см [50,8 дюйм]

RT-5100-50-A аяқ қондырмасы орнатылған RT-5100-05




204,5 см [80,5 дюйм]

RT-5100-50-B аяқ қондырмасы орнатылған RT-5100-05



174,1 см [68,6 дюйм]

RT-5100-50-D аяқ қондырмасы орнатылған RT-5100-05



186,3 см [73,5 дюйм]

САЛМАҒЫ


Lithotomy AirShuttle RT-5100-05: 32 кг (71 фунт)

RT-5100-50-A аяқ қондырмасы: 5 кг (11 фунт)

RT-5100-50-B аяқ қондырмасы: 3 кг (7 фунт)


RT-5100-50-D аяқ қондырмасы: 4 кг (9 фунт)

RT-5100-50-A-CO ажыратқышы бар аяқ қондырмасы орнатылған RT-5100-05




204,5 см [80,5 дюйм]

RT-5100-50-B-CO ажыратқышы бар аяқ қондырмасы орнатылған RT-5100-05



174,1 см [68,6 дюйм]

RT-5100-50-D-CO ажыратқышы бар аяқ қондырмасы орнатылған RT-5100-05



186,3 см [73,5 дюйм]

САЛМАҒЫ

RT-5100-50-A-CO ажыратқышы бар аяқ қондырмасы: 3,45 кг (7,6 фунт)

RT-5100-50-B-CO ажыратқышы бар аяқ қондырмасы: 2,44 кг (5,4 фунт)

RT-5100-50-D-CO ажыратқышы бар аяқ қондырмасы: 2,27 кг (5 фунт)